



ГАЗЕТ ЕКІ АЙДА БІР РЕТ ШЫҒАДЫ

92/10/21 ҚАЗАН-ҚАРАША



Қарттар - үйдің қазынасы

Казан айының алғашқы мерекелерінің бірі ол біздің үлкен

аталарымызбен апаларымыздың мерекесі. Бірінші қазан қарттар мерекесі күні құтты болсын демекшіміз. Ортамызда жүрген қарияларымыздың бір кезде елі, халқы, келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше орын алады. Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде қарттарға үлкен мән беріп, көңіл аударып, жан- жақты үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда. Қазақстанның өсіп - өркендеуіне, еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы деп есептейміз. Міне, енді қарттар күні саналы ғұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектерімен

мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын ата - әжелеріміздің төл мерекесі. Олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына.

Қарттарды құрметтейтін, олардың алдындағы перзенттік парызын үлкен ынтымамен орындамайтын, әдептілік, кішіпейілділік, сергек сезімталдық көрсетпейтін, бұл қасиеттер қанына сіңіп, жүрегіне ұяламаған ұрпақтан не опа, не қайыр?! Адамның өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі – баланың ата-анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында. Үлкендіктен ешкім құтыла алмаған. Бірақ кәріліктің өзінің сәні – мәні бар.

Қарт кісіні құт - береке деп танысақ-ол ұрпақ көрегендігі. Ұрпағы құрметтеген ата-ана әр кезде де бақытты.

Бұл шығарылымда

1-БЕТ

- ♦ 1 қазан Қарттар күні!
- ♦ «Ұстазым менің, ұстазым»
- ♦ «Ұстаздар мектеп жүрегі» 11 сынып оқушыларының құттықтауы

2-БЕТ

- ♦ «Ұстаз болғаным мақтанамын!» жас маман бөлісуде
- ♦ «Ұлағатты ұстаздарға мың алғыс!» эссе

3-БЕТ

- ♦ «Білім - қымбат қазына»
Психологиялық кеңес
- ♦ «Денсаулық – зор байлық»
- ♦ «Күзгі қиял» қолөнер бұйымдарының көрмесі

4-БЕТ

«Ғажайып күзгі табиғат»
Сурет көрмесі

Ұстаз - ұлы тұлға

Ұстаз - ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім—тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт - бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Білім көшін жылжытып келе жатқан ұстаздар қауымына құрмет арта бермек! Сіздерді 11 «Ә» сынып оқушылары атынан кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Әр ісімізді қаттаған,
Жақсымызды көріп, мақтаған,
Ардақты ұстаз – жақсы адам,
Айтқанын ұғып, жаттаған



ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗҒА ЫСТЫҚ ЫҚЫЛАСПЕН!





Ұстаз жаратылысынан
өзіне айтылғанның
бәрін жете түсінген,
көрген, естіген және
аңғарған нәрселердің бәрін
жадында жақсы сайқайтын,
ешнәрсені ұмытпайтын алғыр да
аңғарымпаз ақыл иесі, мейлінше
шешен, өнер-білімге құштар, аса қанатшыл
жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын,
жақындарына да, жат адамдарына да әділ,
жұрттың бәріне жақсылық пен ізгілік көрсетіп,
қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл,
ержүрек болуы керек.

Әль Фараби



Мен үшін мұғалім
бәрінен де
артық, өткені
мұғалім –

мектептің жүрегі.

Ыбырай Алтынсарин



“ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗДАРҒА - МЫҢ АЛҒЫС”

Ұстаз! Ұстаздық етуден асқан ұлылық бар
ма? Уақытынмен санаспай, бағытынмен
адаспай ұстаздық ету бір – ерлік.

Ұстаз ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен
сусындатып, жақсы қасиеттерді бойына
дарытып, адамгершілік рухта бағыт бағдар беруде
ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті
тұлға ретінде ерекшелінеді. Тәуелсіз ел атанып, тіліміздің
мәртебесі артып әлемге атымызды танытып жатқан кезде
ұлттың, елдің болашағы - жас ұрпақ тәрбиелеуге де мықты
көңіл бөлінуі қажет. Осы егеменді тәуелсіз Қазақстанда
өркениетке апарар жолдың бастауы - мектеп
десек, мектептің басты тұлғасы мұғалім. Адамның адам
болып қалыптасуына ата-аналармен қатар, мұғалімнің
рөлі зор. Ұстаздар жайлы халқымыздың ұлы батыры
Бауыржан Момышұлы: “Ұстаздық ұлы құрмет. Себебі,
ұрпақты ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да,
данасын да, ғылымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін
де ұстаз өсіреді. Өмірге ұрпақ берген аналарды қалай
ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да солай
ардақтауға міндеттіміз” - деген.

“Ұстаздық еткен жалықпас үйретуден балаға” -
дегендей, ел ертеңі болып табылатын ұландардың бойына
білім мен өнерді, адамгершілік пен адалдықты, туралық
пен шыншылдықты, рухани байлық пен ұлттық
қасиеттерді сіңіріп, оларды тұлғалы азамат етіп
қалыптастыруда ұстаздың орны бөлек. Сол себептен,
алдағы маңызды әрі ұлы “Ұстаздар мерекесімен”
шәкірттер атынан барша ұлағатты ұстаздарды шын
жүректен құттықтап, басымды иіп, алғысымды
білдіремін!!

9 «Ә» сынып оқушысы Ералина А.



ҰСТАЗ БОЛҒАНЫМА МАҚТАНАМЫН

Ұстаз... Жай ғана қарапайым сөз... Осы қарапайым
ұғымның әрбір адамзат жүрегінен алатын орны тым
ерекше. Шәкәрім Құдайбердіұлы: "Адамның жақсы өмір сүруіне
үш сапа негіз болады. Олар - адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек"
десе, ұлы Абай атамыз: "Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
сонда адам боларсың елден ерек" деп толғаған. Осы қасиеттер өз
бойынан табыла отырып, оны ұрпақ бойына дарытатын да,
дамытатын да ұстаз.

«Адам өз өмірінде екі нәрсені таңдауда қателеспеу керек,
бірі - жар таңдау болса, екіншісі - мамандық таңдау». Мамандық
таңдау өте жауапкершілікті және маңызды іс. Абай атамыз
айтқандай: «Неге арналсаң, соны істе» деп, адам өмірінен өз
орнын таңдағаны жөн. Менің таңдауым – ұстаз болу. Бұл
таңдауым жүрегімнің үнін тыңдап, мамандығыма деген
махаббатымның нәтижесі деп білемін. Өз мамандығымның
арқасында жас ұрпақты тәрбиелеу мүмкіндігін алып отырмын.
«Ұстаздық-ұлы іс», бұған лайық болу - үлкен абырой деп білемін.
Менің түсінігімдегі ұстаз - рухы таза, ой-өрісі биік, ұлты мен
Отанының болашағы үшін тер төгіп, шыдамдылық пен
табандылықтың үлгісін көрсетуші, өз бойындағы асыл
қасиеттері мен білімін болашақ ұрпақтың бақыты мен кәдесіне
жаратып, қоғамды өрге өркендетуші, жаңашылдықтың
бастаушысы, жүрегі жылы, көңілі дарқан адам.

Менің мұғалімдік тәжірибем Сәкен Сейфуллин атындағы
гимназиядан басталды. Мектебімізде үлгі тұтар, жас
мамандарға «идеал» болатын ұстаздар жетерлік. Әр ұстаздың
жеткен жетістіктерін көріп, айтқан ақыл - кеңестерін тыңдап,
тәжірибемді арттырып келемін. Бастапқыда әрине үйренісе
алмай жүрдім, себебі, мұғалім мамандығы жауапкершілігі
жоғары, қатаң тәртіп пен мәдениеттілікті талап ететін
мамандық. Мектебіміздегі тәжірибиелі ұстаздарымыздың, жеті
қырлы бір сырлы мектеп басшысының және қашанда өзгеге көмек
қолын соза білетін мектеп басшысының орынбасарларының
арқасында мен өз мамандығыма деген қызығушылығым артуда.

Халқымызда «Жас келсе - іске» деген керемет сөзі бар.
Демек, мен бойымдағы жастық жігерімді, күш - қуатымды,
жаңашылдығымды шәкірт тәрбиелеуге жұмсауым керек.
Болашақта өз оқушыларымды биік белестерден көрсем, сол үшін
өзімнің кішкене де болса үлесім тиген болса, мен өзімді бақытты
ұстаз, бақытты адам деп білемін.

Қазіргі заман мұғалімі қоғамдық дамудың деңгейінен
көрінетін, жаңашыл, өз ісіне сезіммен қарайтын, педагогикалық
күрделі үрдістердің барысын адамгершілік тұрғысынан шеше
алатын, жаңаша ойлау дағдысын меңгерген, балалардың
талаптары мен қабілеттерінің өздігінен дамуын ұйымдастыра
алатын, және ата – аналармен педагогикалық
ынтымақтастықты орнатуға бейімі бар, шығармашылықпен
еңбек ете алатын маман болуға тиіс деп ойлаймын. Шәкірт
жүрегіне жол табарлық, өз пәніме қызықтырарлық жол іздеймін,
өз білімімді әрдайым жетілдіріп, жаңа технологияны
пайдалануға тырысамын. Өйткені шәкірттен терең білімділікті,
ұстамдылықты, еңбекқорлықты, мәдениеттілікті талап ету
үшін мұғалімнің өзі сол қасиеттердің үлгісі боларлық дәрежеде
болуы тиіс.

Мен - математика пәнінің мұғалімімін. Ал математика –
дәлдіктің ғылымы. Математика - заманауи техниканың, жаңа
технологияның негізі. Математика - физиканың, химияның,
география мен тарихтың да негізі. Адамзаттың космосқа ұшуы,
АГЭС –ның пайда болуы, мұнайымыздан түсер пайданың барлығы
математикамен тығыз байланысты. Осы байлықты шәкірттің
зейініне құя білу, оқушының логикалық ойлау қабілетін
қалыптастырудан бастау алады.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерей тойын жақсы
табыстармен қарсы алып, тәуелсіздігіміз мәңгі болуы үшін
«Мәңгілік елдің-мәңгілік тілімен» параллель (қатар) жүретін
байлығымыз бен барлығымызды есептейтін «математика»
жасасын демекпін. Математика пәнінің мұғалімі болу мен үшін
үлкен бақыт! Мен мамандығымды мақтан етемін!

Жас маман: А.С.Ахметжанова

Егер мен президент болсам...

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң, арқалан.
Сен де — бір кірпіш, дүниеге
Кетігін тап та, бар қалан!

-деп, ұлы Абай айтқандай, әр адам мына үлкен дүниеде өз орнын табу керек. Кейбіреулері жылдап іздейді, ал кейбіреулері бала кезінен аңсаған арманына жету үшін көп еңбек етеді. Менің ойымша, адам өз орнын табу үшін өмірлік тәжірибесі мол болу

керек. Тәжірибесі мол адам ақылға, білімге, даналыққа жақын болады. Мен де осындай адам болғым келеді. Сондықтан тәжірибе жинау үшін өзімді президенттікке ұсынып отырмын. Егер мен президент болсам, мектебімізді жаңа деңгейге шығара алатыныма сенемін! Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, үлгілі көшбасшы болуға дайынмын! Маған дауыс берсеңіздер, мен сіздердің артып отырған үміттеріңізді ақтаймын!



**Шынықсаң
шымыр боларсың.**

**Адамның басты
байлығы
денсаулық.**

**Бірінші байлық-
денсаулық.**

COVID-19

ЖҰҚТЫРУ ҚАҒИПІН ТӨМЕНДЕТУ ҮШІН
БЕС АЛТЫН ЕРЕЖЕ



**ҚОЛДЫ
ЖИІ ЖУУ**



**МАСКА
КИЮ**



**ҚАШЫҚТЫҚТЫ
САҚТАУ**



**ҚОҒАМДЫҚ
ОРЫНДАРҒА
БАРМАУ**



**ҚОЛ-АЛЫСПАУ,
ҚҰШАҚТАСПАУ,
СҮЙІСПЕУ**

Дереккөз: ДДСУ, Денсаулық сақтау министрлігі

CORONA VIRUS 2020 KZ



Білім - қымбат қазына

ОҚУШЫЛАРҒА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ең алдымен, жалқаулыққа «Қош!» деуіміз керек. Мұнсыз жақсы оқу қолдан келмейді.

Күніңізді алдын ала жоспарлап, қосымша үйірмеге жазылыңыз. Күніңізді сабақтан соң кем дегенде 1 сағат бойы басқа іспен шұғылданатындай етіп жоспарлаңыз.

Өрдайым үй тапсырмасын орындаңыз. Тіпті, ол тақырып ұстазыңыз түсіндіргеннен есіңізде қалса да, қайталап оқыңыз. Ережелерді жақсылап жаттаңыз. Оқуда жіберіп алған тақырыптарымыз көп болған сайын жинақталуымыз да қиындайды.

Тапсырманы қиынынан бастап, оңайына өту арқылы орындаңыз. Яғни, ең қиын деген сабақтың тапсырмасын бірінші орындаңыз. Миымыз тың болған сайын тапсырманы да дұрыс орындаймыз. Ал шаршай бастаған кезде оңай тапсырмалар қалады.

Егер ертеңге тапсырма бермеген болса, өткен тақырыптарды қайталауға 30 минутыңызды арнаңыз. Осылайша миыңызды жаңа материалды меңгеруге дайындайсыз.

Физикалық жүктемелер – сабақ үлгерімінің жақсаруының басты кепілі. Сондықтан, жаңа материалды меңгеру барысында арасында физикалық жаттығулар жасап тұруыңызға болады.

Жақсы оқу үшін пәнге қызығушылық танытсаңыз болғаны.

Олай болса іске сәт.

Педагог-психолог Д.К.Туякбаева

КҮЗГІ ҚИЯЛ

Қол өнер бұйымдарының көрмесі



1 "Б" сынып оқушылары



Сагитова Раушан 3 «Ә» сынып



РАХЫМЖАН ИМРАТ



АБИЛДИН АРСЛАН




Балмағамбет Ализахмет



Сарсенкелді Амиан



Өміртай Зере




АСҚАР АМИНА



Жанибек Айзере



Абылай Әлімет



Самат Мухаммед



Ғажайып күзгі табиғат



Бөгенбай Аяна
1"Б" сынып



Жалилова Дильнур
6"Ә" сынып



Қалимбетов Дархан 5 «Б» сынып




Оразбай Нұрмухамбет 5 «А» сынып



Тілеукен Самира 5 «Ә» сынып




Құрамыс Аружан 9 «А» сынып



Нуркенова Малика 5 «А» сынып



Болат Дінмухаммед 5 «Ә» сынып



Багжанова Нурия 1 «А» сынып



Мустафа Айша 5 «А» сынып



Сатова Карина 9 «Б» сынып



Тусун Медина 5 «А» сынып



Габдулина Аяна 1 «Б» сынып



Сарсенгелді Амина 1 «Б» сынып



Танашев Арыстан 5 «А» сынып



Хадиджа Нұрғиса



Дәуітжан Айсұлтан 5 «А» сынып



Балтабай Гүлбахрам 3 «Ә» сынып



Нұрлан Аружан 5 «Б» сынып



Меншік иесі:
«С.Сейфуллин
атындағы
гимназиясы» КММ
Бас директоры
Қ.Т.Сейтимбетова

Бас
директордың
шығармашылық
жөніндегі
орынбасары
А.Қ.Рыскулова

Бас редактор
Ф.Д.Абдугалиева
Тілшілер
Ж.С.Тлеубергенова

Көркемдеуші-
дизайнер
Б.К.Абылкаиров
Жауапты хатшы
Қанапаш Раушан

Корректорлар
«Kitaptime»
мүшелері:
9 «Ә» сынып

Мекен - жайымыз
Ерубаева 43А
e-mail: sch92@kargoo.kz
Байланыс телефондары:
8(72-12)47-92-39